2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
№3 «Алтын сақа» ересек ПДТ топ

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан айы	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** **Негізгі қимылдар:** **Жүру.** Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. **Тепе - теңдікті сақтау.** Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту **Жүгіру**. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; **Домалату, лақтыру, қағып алу**. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан). **Еңбектеу, өрмелеу.** Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту **Секіру**. 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру. **Сапқа тұру, қайта сапқа тұру**. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. **Екеуден,** үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Спорттық жаттығулар:**Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.
	Сөйлеуді дамыту	- баланың енжар және белсенді сөз қорын заттардың атауымен байыту; - баланың енжар және белсенді сөз қорын етістіктердің атауымен байыту; - баланың енжар және белсенді сөз қорын сын есімдердің атауымен байыту; - антонимдер сөздігін кеңейту.
	Көркем әдебиет	- Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; - туған халыққа және өнерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; - балалардың кітапқа деген ұқыпты көзқарасын қалыптастыруды жалғастыру;

		- балалармен бірге өлеңдерді жаттау.
	Қазақ тілі	- фонематикалық естуді дамыту. - сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). - туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "ағайын", "туысқан") білдіретін сөздерді үйрету. - отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу
	Жаратылыстану	- табиғат құбылыстары жаңбыр туралы түсініктерін бекіту; - табиғат құбылыстары қар туралы түсініктерін бекіту; - табиғат құбылыстары жел туралы түсініктерін бекіту; - табиғат құбылыстары тұман туралы түсініктерін бекіту.
	Математика негіздері	- 1, 2, 3, 4, 5 цифрларымен танысу; - 5-ке дейінгі реттік санау; - «Реті бойынша қаншасыншы?» деген сұрақтарға жауап беруге үйрету; - «Барлығы қанша?» деген сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	Сурет салу	- заттар мен жануарлар фигурасын бейнелеу қабілетін нығайту; - заттар мен жануарлар өлшемдері бойынша арақатынасын ескере отырып бейнелеу қабілетін нығайту; - сурет салу техникасын жетілдіру; - ашық және бозғылт реңктердің сызбаларын қолдану.
	Мүсіндеу	- ертегілер тақырыптарына сюжеттік композициялар жасау; - қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар жасау; - ұжымдық жұмыстарды орындау; - өз арасында міндеттерді бөлу.
	Жапсыру	- қайшымен жұмыс; - шаршы мен төртбұрышты екі бөлікке кесу; - шеңбер мен сопақшаны кесу; - тар жолақтарды кесу.
	Құрастыру	- құрылыстарды өмірдегі заттармен және олардың суреттегі бейнелерімен салыстыру; - негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; - объектілердің өлшемдері туралы кеңейту; - заттардың пішіні туралы кеңейту.

	Музыка	- **Музыка тыңдау:** Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. **Ән айту:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. **Би шығармашылығы:** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. - **Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау. **Ән айту:** Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). **Музыкалық -ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру. **Би шығармашылығы:** Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. - **Музыка тыңдау:** Музыканың сипатын сезінуге үйрету. **Ән айту:** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. **Би шығармашылығы:** Жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. - **Музыка тыңдау:** Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. **Ән айту:** Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. **Би шығармашылығы:** Қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Аспаптармен әр-түрлі әуендерді сүйемелдеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- айналадағы заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы түсініктерді кеңейту; - материалды ескере отырып, заттар мен объектілерді іріктеу біліктерін қалыптастыру; - материалды ескере отырып, заттар мен объектілерді топтастыру біліктерін қалыптастыру; - ойыншықтарға, кітаптарға, ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
	Түзеу жұмысы	- ересек топ балаларының құрылымын, есту, көру ойлауын, жадын, назарын, жалпы ұсақ-қол моторикасын дамыту;
	Сенсорика	- баланың жалпы ақыл-ойының, қоршаған орта туралы білімін, пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т\б туралы ойларын қалыптастыру.

	Қоршаған ортамен таныстыру және сөйлеуді дамыту	- сөйлеуге ынталандыру, буынмен сөйлеп үйрену, балалардың ойлау қабілетін, сөздік қорын сөйлеу, әңгімелеу дағдысын жетілдіре отырып, мәнерлеп сөйлеуге дағдыландыру.